

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНІҢ
ОРЫНБАСАРЫ



ЗАМЕСТИТЕЛЬ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан қ., Үкімет үйі

010000, город Нур-Султан, Дом Правительства

№ _____

**Қазақстан Республикасы
Парламент Мәжілісінің
«Nur Otan» партиясы
фракциясының депутаты
С.М. Ертаевқа**

2021 жылғы 16 қыркүйектегі № ДС-263 сауалға

Құрметті Сырым Махамбетұлы!

Сіздің Ұлттық қордың қаражаты бойынша бір қарыз алушыға лимитті ұлғайту мәселесіне қатысты сауалыңызды қарап, мынаны хабарлаймыз.

«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 14 сәуірдегі № 354, 2014 жылғы 5 желтоқсандағы № 1276, 2015 жылғы 11 наурыздағы № 124 қаулыларына (бұдан әрі – ҚР ҰҚ) сәйкес 2019 жылдан бастап шағын және орта кәсіпкерлік (бұдан әрі – ШОК) субъектілерін Ұлттық қор қаражатының айналым мерзімінің соңына дейін қайтарылатын негізде экспорт алдындағы/экспорттық қаржыландыруға және/немесе экспортқа бағдарланған жобаларды номиналды сыйақы мөлшерлемесі жылдық 6,0 %-бен қаржыландыруда.

Анықтама: жоғарыда көрсетілген ҚР ҰҚ қаулыларымен бекітілген өңдеу өнеркәсібі саласында және өңдеу өнеркәсібіне қызмет көрсетуге жататын қызметтер саласында жұмыспен қамтылған ШОК-ты қолдау бағдарламасы (бұдан әрі – бағдарлама).

Жоғарыда көрсетілген Ұлттық қор шеңберінде қаржыландырудың ең жоғарғы шегіне жеткен қарыз алушылар (оның ішінде экспорттаушылар) үшін қосымша қаржыландыруды тарту мәселесін шешу мақсатында Қазақстан Республикасының экономикасын жаңғырту мәселелері жөніндегі мемлекеттік комиссияның 2021 жылғы 5 наурыздағы отырысында ШОК субъектілерін қаржыландырудың ең жоғары лимитін 3,6 млрд. теңгеге дейін ұлғайту туралы шешім қабылданды.

Осылайша, «Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 21 қыркүйектегі № 643 қаулысына (бұдан әрі – Қаулы) сәйкес лимиті жоқ тамақ өнеркәсібі саласындағы жобаларды қоспағанда, бір ШОК субъектісіне арналған қаржыландыру лимиті 3,6 млрд. теңгені құрайды.

Қабылданған шара кәсіпкерлік субъектілеріне бағдарламаға қайтадан қатысуға, өнім ассортиментін кеңейтуге, оларды ішкі және сыртқы нарықтарда ілгерілету үшін қосымша жеңілдікті қаражат алуға, сондай-ақ экспортқа арналған тауарлар өндіруге және мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ және ЕДБ ақпараты бойынша ШОК субъектілері үшін лимитті 3,6 млрд. теңгеге дейін немесе 2 есеге ұлғайту жеткілікті болып табылатынын атап өту қажет, өйткені жоғарыда көрсетілген қаулыны әзірлеу кезінде бизнес пен «Атамекен» ҰКП-ның лимитті екі есеге ұлғайту жөніндегі ұсыныстары ескерілді.

Баяндалғанның негізінде, лимитті 5 млрд. теңгеге дейін ұлғайтуға немесе ШОК субъектілері үшін белгіленген лимиттерді алып тастауға қатысты ұсыныстарды мерзімінен бұрын деп санаймыз.

Р. Скляр